



Nur Qorgaljyn

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№7 (723) 9 ақпан 2023 жыл

<http://nurgazeta.kz/>



Botagozsembaikyzy



Нұр- Қорғалжын газеті

Саламатсыздарма құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары

Мен Қорғалжын ауданының ТҮКШ ЖК және АЖ бөлімінің бас маманы Рахимов Мирболат Галымбекович, назарларыңызға автомобиль көлігімен заңды такси тасымалдаушы болу жолдары тәсілдерін, тікелей эфирде түсіндіріп кетуге рұқсат етулеріңізді сұраймын.

Жеке тасымалдаумен айналысу үшін тек арнайы жабдықталған автомобильдерде және тіркеу мен хабарлама жолдаған жағдайда рұқсат беріледі

Заңды такси тасымалдаушы болу үшін 3 тәсілдері бар

1. Тіркелу

Мемлекеттік кірістер департаментінде жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде тіркелу.

2. Жолдау

Такси тасымалдаушысы ретінде қызметін жүзеге асыруды бастау туралы хабарлама еліселе электронды порталы арқылы (ол үшін ЭЦҚ қажет) және тіркеу орны бойынша Қорғалжын ауданының ТҮ ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жолдау жіберулеріңіз қажет.

3. Заң жобасы сақтау қажет

жолаушыларды тасымалдау бойынша автокөлік қызметі ҚР СТ 2272-2012 Ұлттық стандарттарына және 2015 ж. 26 наурыздағы 349 Автомобиль көлігімен жолаушылар және багажды тасымалдау қағидаларына сәйкес жабдықтау қажет.

1. Көлікпен жолаушыларды тасымалдау үшін не болуы тиіс

Такси салонында жолаушылар көретіндей жүргізушінің суретімен, тегін, аты, жөнін көрсетімен визит карточкасы орнатылады, сондай-ақ ақпараттық табло:

А. тасымалдаушының ресми атауы, оның мекен жайы мен телефон нөмірі;

В. 1 шақырым жүру құны, сондай-ақ таксометр болған жағдайда кейінгі сапардың арақашықтығы.

Автокөлік құралдарының рейс алдындағы техникалық тексеруден өтуін, сондай-ақ медициналық қызметкердің такси жүргізушілерін рейс алдындағы және рейстен кейінгі медициналық куәландыруын қамтамасыз ету керек.

2. такси көлігінің айырымы

Такси кузовтың түсін тасымалдаушы өзі анықтайтын сыртынан жеңіл автомобиль барлық бүйір жағынан, биіктігі 10 сантиметрден кем емес және 14 сантиметрден көп емес шахматтық тәртіпте орналасқан қара және (немесе) сары тустен тұратын белдеу салуды бірыңғай түстік гаммада ресімделеді 3. Такси төбесінде орналасқан және 500 метрге дейінгі қашықтықтан жақсы көрінетін айырым белгілерімен жабдықталады. Айырым белгіде "Т" (такси) деген жазу тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексімен карастырылған

Таксимен жолаушылар және багажды тасымалдау кезінде хабарландыру тәртібінің талаптарын сақтамай қызметті жүзеге асыру.

Қолданыстағы санкциялар бар олар: бірінші жағдайда ескерту немесе

15 тен -150 мрп ға дейін

Бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер

30 дан -500 мрп ға дейін

Осымен тікелей эфирдегі түсіндіру жұмыстары аяқталды, қосымша сұрақтарға жауап беруге дайынмын, сұрақтарыңыз болса осы тікелей эфирде қоюға болады немесе 22334 нөмірлене хабарласып түсінбеген сұрақтарыңызға жауап береміз.

Волонтерлер Түркияда зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинай бастады

Ұлттық волонтерлер желісі ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің үйлестіруімен Түркия Республикасында жер сілкінісінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек жинау іс-шарасы басталғанын хабарлайды.

Гуманитарлық көмек Ұлттық волонтерлер желісіне (Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 11/5, 5 қабат, 505 кабинет) жиналады.

Сондай-ақ гуманитарлық көмек республикалық маңызы бар барлық қалалар мен облыс орталықтарындағы «Birgemiz» өңірлік волонтерлер фронт-офистерінің кеңселерінде ұйымдастырылып, Ұлттық волонтерлік желісі арқылы Қазақстан Республикасындағы Түркия елшілігіне тапсырылады.

ҚАЖЕТТІ ЗАТТАР:

- Көрпелер, ұйықтауға арналған қаптар.
- Термос, қол шамы, пауэрбанк.
- Памперстер, жеке гигиена құралдары (гигиеналық төсемдер).
- Қысқы киім (ересектер мен балаларға, заттар жаңа болуы керек), пальто-курткалар, жаңбырға арналған жамылғы, етік, жемпір, шалбар, қолғап, шарф, қалпақ, шұлық, іш киім және басқа материалдар.

Сондай-ақ қаржылай көмек мына реквизиттер арқылы қабылданады:

Заңды тұлғалар үшін:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

«Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ



BSN 120940015916

БИК: HSBKKZKX

Р/С: KZ23601A871001005521

Жеке тұлғалар үшін:

Kaspi.kz қосымшасында - Төлемдер - Қайырымдылық бөлімінде: «Ұлттық волонтерлер желісі» ЗТБ Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге гуманитарлық көмек.

Барлық сұрақтар бойынша «Birgemiz» республикалық волонтерлер фронт-офисінің ақпараттық орталығына хабарласуға болады: +7 708 706 4242, Қабанбай батыр көшесі 11/5, 505 кеңсе.

Елдің басты барлау қызметіне қалай кіруге болады?!

Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет әрқашан жоғары дәрежесімен, құпиялылығымен және қандай да бір романтикасымен ерекшеленген. Бүгін әркімнің жедел қызметкермен, техникалық барлау мамандарымен және талдау бөлімшелерінің қызметкерлерімен қатар тұруға мүмкіндігі бар.

Болашақ офицерлерді дайындау ҰҚК Академиясында, шекара академиясында, сондай-ақ, серіктестердің оқу орындарында жүзеге асырылады.

Мектептердің, колледждердің және училищелердің түлектері төрт жылдық мерзімді құрайтын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің оқу орындарына түсе алады. Ал серіктестердің жоғары оқу орындарындағы оқу мерзімі 3 жылдан 6 жылға дейін созылады.

Жоғары білімі бар мамандар тиісті қайта даярлау курстарынан өткен соң, жедел бөлімшелерге қабылданады. ҰҚК-нің басқа бөлімшелеріне конкурстық іріктеуден өткеннен кейін жұмысқа кіріседі.

Оқуға түсу кезінде құқық негіздері немесе саясаттану, эссе жазу бойынша білім деңгейі

тексеріледі. Дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер тапсырады. Сондай-ақ, әртүрлі жағдайларға байланысты берілген тапсырмаларды шешу арқылы кәсіби жарамдылықтары анықталады.

Оқу орындарына түскен үміткерлер стипендия алады, жатақханаларда тегін тұрады, медициналық қызметтерді және қамтамасыз етудің басқа түрлерін ала алады.

Тиісті талаптарға сәйкес келетін болашақ офицерлерді қызметке қабылдау туралы арыз беру үшін ҰҚК-нің аумақтық органдарына шақырамыз.

Толық және нақты ақпаратты сілтеме бойынша ҚР ҰҚК ресми сайтынан knb.gov.kz немесе электрондық үкіметтің сайтынан алуға болады.



Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесуін өткізу туралы» Жарлығын орындау үшін 2023 жылғы 13-16 ақпан аралығында Қорғалжын ауданында аудан әкімінің және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесулері өткізіледі.

Бұдан басқа, аудан, қала, ауыл және ауылдық округ әкімдері тұрғындармен кездесулер өткізгеннен кейін санитарлық-эпидемиологиялық шектеулерді сақтай отырып, азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыратын болады.

Өткізілетін орны мен уақыты туралы сіз бұқаралық ақпарат құралдары немесе әлеуметтік желілер арқылы алдын ала хабарланатын боласыз.

Қорғалжын ауданы әкімінің аппараты

Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесуін өткізу туралы» Жарлығын орындау үшін 2023 жылғы 13-16 ақпан аралығында Қорғалжын ауданында аудан, қала, ауыл және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесулері өткізіледі.

Өздеріңізді мазалаған сұрақ, өтініш, сауалдарыңыз болса жазбаша түрде төмендегі мекен-жайларда арнайы орналасқан жәшікшеге салуларыңызға болады.

№	Елді-мекен атауы	Жәшіктің орналасқан жері	Көше атауы	Телефон нөмірі
1	Амангелді ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Өркендеу ауылы, Абай к., 1	8 (71637) 35-6-10
2	Арықты ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Арықты ауылы, Тәуелсіздік к., 31	8 (71637) 42-6-53
3	Қорғалжын ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Қорғалжын ауылы, Болғамбаев к., 13	8 (71637) 2-15-60
4	Қарашалғын ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Жантеке ауылы, С.Сейфуллин к., 51	8 (71637) 33-6-10
5	Қызылсай ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Шалқар ауылы, А.Құнанбайұлы к., 34	8 (71637) 45-6-14
6	Кеңбидайық ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Кеңбидайық ауылы, С. Сейфуллин к. 4	8 (71637) 43-6-10
7	Майшұқыр ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Майшұқыр ауылы, Абай к., 1	8 (71637) 5-14-66
8	Сабынды ауылдық округі	Ауылдық округ әкімдігінің ғимараты	Сабынды ауылы, Ә.Ұсенов к., 24	8 (71637) 44-6-10

Қорғалжын ауданы әкімінің аппараты

Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесуін өткізу туралы» Жарлығын орындау үшін 2023 жылғы 13-16 ақпан аралығында Қорғалжын ауданының ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесулерінің кестесін назарларыңызға ұсынамыз.

№	Округ атауы	Елді мекен	Өтетін күні	Уақыты	Жауапты
1	Амангелді ауылдық округі	Жұмай ауылы, Жұмай ауылының негізгі орта мектебі	15.02.2023	15.00	Жолдыбаева Қ.О.
2	Арықты ауылдық округі	Садырбай ауылы, Садырбай ауылының бастауыш мектебі	13.02.2023	15.00	Омаров А.С.
3	Қарашалғын ауылдық округі	Ұялы ауылы, Ұялы ауылының негізгі орта мектебі	14.02.2023	11.00	Тажмаганбетов А.ІІІ.
		Қарғалы ауылы, медициналық пункт	15.02.2023	11.00	
4	Кеңбидайық ауылдық округі	Екпінді ауылы, жеке үй	13.02.2023	11.00	Абышев А.Қ.
5	Майшұқыр ауылдық округ	Құмкөл ауылы, жеке үй	15.02.2023	11.00	Самуратов М.М.
6	Қызылсай ауылдық округі	Үшсарт ауылы, Үшсарт ауылының негізгі орта мектебі	16.02.2023	15.00	Ахметбеков М.А.
7	Қорғалжын ауылдық округі	Абай ауылы, жеке үй	16.02.2023	11.00	Мустафин Е.З.
8	Сабынды ауылдық округі	Қараегін ауылы, Қараегін ауылының ІІІ.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	14.02.2023	15.00	Хамитжанов М.Б.
		Алғабас ауылы, Алғабас ауылының бастауыш мектебі	15.02.2023	11.00	

Қорғалжын ауданы әкімінің аппараты

Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 «Әкімдердің халықпен кездесуін өткізу туралы» Жарлығын орындау үшін 2023 жылғы 13-16 ақпан аралығында Қорғалжын ауданының әкімі Берік Амантайұлы Жанбаевтың және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындармен кездесулерінің кестесін назарларыңызға ұсынамыз.

№	Округ атауы	Өтетін күні	Өтетін орны	Уақыты	Жауапты
1	Арықты ауылдық округі	13.02.2023	Арықты орта мектебі	11.00	Омаров А.С.
2	Кеңбидайық ауылдық округі	13.02.2023	Кеңбидайық орта мектебі	15.00	Абышев А.Қ.
3	Сабынды ауылдық округі	14.02.2023	Әкімдік ғимараты	11.00	Хамитжанов М.Б.
4	Қарашалғын ауылдық округі	14.02.2023	Әкімдік ғимараты	15.00	Тажмаганбетов А.ІІІ.
5	Амангелді ауылдық округі	15.02.2023	Амангелді орта мектебі	11.00	Жолдыбаева Қ.О.
6	Майшұқыр ауылдық округі	15.02.2023	Майшұқыр негізгі мектебі	15.00	Самуратов М.М.
7	Қызылсай ауылдық округі	16.02.2023	ІІШалқар орта мектебі	11.00	Ахметбеков М.А.
8	Қорғалжын ауылдық округі	16.02.2023	Аудандық мәдениет үйі	15.00	Мустафин Е.З.

Қорғалжын ауданы әкімінің аппараты

Уважаемые жители Коргалжынского района!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года № 826 «О проведении встреч акимов с населением» с 13 по 16 февраля 2023 года в Коргалжынском районе будут проведены встречи акимов района, города, сел и сельских округов с населением.

Если у вас возникли вопросы, обращения, запросы, вы можете в письменном виде поместить их в специальный ящик, расположенный по следующим адресам.

№	Наименование сел	Место расположения ящиков	Адрес	Номера телефонов
1	Амангельдинский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Оркендеу, ул. Абая., 1	8 (71637) 35-6-10
2	Арыктинский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Арықты, ул. Тауелсьиздық, 31	8 (71637) 42-6-53
3	Коргалжынский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Коргалжын, ул.Болгамбаева, 13	8 (71637) 2-15-60
4	Карашалгинский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Жантеке, ул.С.Сейфуллина, 51	8 (71637) 33-6-10
5	Кызылсайский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Шалкар, ул.А.Қунанбаева, 34	8 (71637) 45-6-14
6	Кенбидаикский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Кенбидаик, ул.иС. Сейфуллина 4	8 (71637) 43-6-10
7	Майшукырский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Майшукыр, ул.Абая, 1	8 (71637) 5-14-66
8	Сабындынский сельский округ	Здание аппарата акима сельского округа	с.Сабынды, ул. А.Ұсенова, 24	8 (71637) 44-6-10

Аппарат акима Коргалжынского района

Уважаемые жители Коргалжынского района!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года № 826 «О проведении встреч акимов с населением» представляем вашему вниманию график встреч акимов сельских округов с населением Коргалжынского района с 13 по 16 февраля 2023 года.

№	Наименование округа	Населенный пункт	Дата проведения	Время	Ответственные
1	Амангельдинский сельский округ	село Жұмай, основная средняя школа села Жұмай	15.02.2023	15.00	Жолдыбаева Қ.О.
2	Арыктинский сельский округ	село Садырбай, начальная школа села Садырбай	13.02.2023	15.00	Омаров А.С.
3	Карашалгинский сельский округ	село Уялы, основная средняя школа села Уялы	14.02.2023	11.00	Тажмаганбетов А.ІІІ.
		село Каргалы, медицинский пункт	15.02.2023	11.00	
4	Кенбидаикский сельский округ	село Екпенды, частный дом	13.02.2023	11.00	Абышев А.Қ.
5	Майшукырский сельский округ	село Кумколь, частный дом	15.02.2023	11.00	Самуратов М.М.
6	Кызылсайский сельский округ	село Ушсарт, основная средняя школа села Ушсарт	16.02.2023	15.00	Ахметбеков М.А.
7	Коргалжынский сельский округ	село Абай, частный дом	16.02.2023	11.00	Мустафин Е.З.
8	Сабындынский сельский округ	село Караегін, средняя общеобразовательная школа имени ІІІ. Уалиханова села Караегін	14.02.2023	15.00	Хамитжанов М.Б.
		село Алғабас, начальная школа села Алғабас	15.02.2023	11.00	

Аппарат акима Коргалжынского района

Уважаемые жители Коргалжынского района!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 года № 826 «О проведении встреч акимов с населением» с 13 по 16 февраля 2023 года Пред- ставляем вашему вниманию график встреч акима Коргалжынского района Жанбаева Берика Амантаевича и акимов сельских округов с населением.

№	Наименование округа	Дата проведения	Место проведения	Время	Ответственные
1	Арыктинский сельский округ	13.02.2023	Арыктинская средняя школа	11.00	Омаров А.С.
2	Кенбидаикский сельский округ	13.02.2023	Кенбидайықская средняя школа	15.00	Абышев А.Қ.
3	Сабындынский сельский округ	14.02.2023	Здание акимата	11.00	Хамитжанов М.Б.
4	Карашалгинский сельский округ	14.02.2023	Здание акимата	15.00	Тажмаганбетов А.ІІІ.
5	Амангельдинский сельский округ	15.02.2023	Амангельдинская средняя школа	11.00	Жолдыбаева Қ.О.
6	Майшукырский сельский округ	15.02.2023	Майшукурская основная школа	15.00	Самуратов М.М.
7	Кызылсайский сельский округ	16.02.2023	Шалкарская средняя школа	11.00	Ахметбеков М.А.
8	Коргалжынский сельский округ	16.02.2023	Районный Дом культуры	15.00	Мустафин Е.З.

Аппарат акима Коргалжынского района

Спортивная рыбалка посвященная памяти Рыбина Олега Вячеславовича

Коргалжынский государственный природный заповедник совместно с Общественное объединение «Инвалиды и ветераны воинской службы и боевых действий» провели: Открытый XV Турнир, по спортивному рыболовству «Мормышка» посвященный памяти сотрудника Коргалжынского государственного природного заповедника, ветерана войны в Афганистане Рыбина Олега Вячеславовича.



Соревнование прошли 24 декабря 2022 года, с Коргалжын на первой старнице в 500 метрах на восток от моста.

Цель проведения соревнования: военно-патриотическое воспитание молодежи, развитие спорта, пропаганда здорового образа жизни.

По условиям соревнования было разрешено:

1. Лов на одну удочку с одним крючком.
2. Расстояние между рыбаками разрешается не менее 5 метров.
3. Возраст участников не ограничен.
4. Учёт лова по количеству рыб.
5. При себе иметь несколько удочек, но рыбачить только на одну с одним крючком.

6. Прикармливать рыбу и менять удочки.

7. Выходить из зоны турнира только с разрешения судьи.

Торжественная части соревнования началась с приветственным словом директора Коргалжынского государственного природного заповедника Дуйсекеев Е.Т, аким Коргалжынского сельского округа Байкадамов Б.Ш, Секретарь районного маслихата Рыспаев Б.О .

В конце соревнования все участники были награждены грамотами и поощрительными призами. Рыбалка-это не просто отдых, а целое искусство. Будьте патриотами своей Родины.

**Отдел экологического просвещения.
Коргалжынский Заповедник.**

Сайлаушылар жаңа партияларға дауыс бере алады

АСТАНА. ҚазАқпарат – Танымал саясаттанушы Андрей Чеботарев Қазақстандағы Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлаудың басты ерекшеліктерін айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Ең алдымен сарапшы өткен жылғы өзгерістерден кейін ел Конституциясына және сайлау процесіне мажоритарлық жүйенің элементтері оралғанын атап өтті. Енді Парламент Мәжілісінің 29 депутаты бір мандатты округтерден сайланады.

«Қазірдің өзінде азаматтық белсенділер, қоғамдық пікір көшбасшылары, Парламент Мәжілісіне үміткер ретінде өзін көрсеткісі келетін танымал адамдар тарапынан белсенділік байқалуда. Менің ойымша, бұл қазіргі сайлау науқанын айтарлықтай жандандырады», - деді сарапшы.

Сонымен бірге саясаттанушы Президент Қасым Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы сайлау туралы заңға саяси партиялар үшін сайлау шегін 7-ден 5%-ға дейін төмендету туралы түзетулер енгенін еске салды. Оның айтуынша, бұл саяси партияларға Мәжіліске және ел мәслихаттарына өтуді едәуір жеңілдетеді.

«Үшінші өзгеріс – елде екі жаңа саяси партия пайда болды. Бұл «Байтақ» жасылдар партиясы және Respublica партиясы. Олар «жаңа ойыншы әсерін» пайдалана алады, яғни сайлаушылар



кейбір партиялардан жалығады және осы екі жаңа партияға немесе ең болмағанда жасылдар партиясына дауыс бере алады. Өйткені «Байтақ» 2019 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бастамашыл топ ретінде танымал, Respublica партиясы жақында ғана пайда болды», - деп пікір білдірді Андрей Чеботарев.

Айта кетейік, биыл 19 наурызда елімізде Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді және осы күні мәслихат депутаттарын да сайлау жоспарланған.

Мәжіліс пен мәслихат сайлауына қатысуға 7 партияға рұқсат берілді.

ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – ЫНТЫМАҚ КЕПІЛІ

Ұлтаралық және дінаралық қатынас мәдениеті белгілі бір қоғамдағы әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы қатынастың барлық түрлерінен, еңбекте, күнделікті тұрмыста, көпшілік байланыста көрінеді. Әрбір ұлт өкілі басқа ұлт өкілінің жан тазалығын немесе жамандығын, басқа ұлт өкілдеріне көзқарасын басқалармен салыстыра отырып бағалайды. Басқа ұлт өкілдері бойындағы адамдық жағымды қасиеттерді өз бойына дарытуға, олардағы өмірлік тәжірибе мен шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін меңгеруге ұмтылады.

Ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру – Қазақстанды мекендеушілердің санасында және іс-қимылында жаңа тұрпатты ұлттық қатынастар дамуының жоғары деңгейінің көрінісін табу формасы болып келетін қоғамдық қатынастардың ерекше бір түрі. Саяси және моральдік принцип ретінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті ұлттар мен ұлыстардың даму, гүлдену процестерін білдіретін призма тәріздес әлеуметтік принцип, айна.

Мемлекетімізде өмір сүріп жатқан ұлттар саяси, экономикалық, әлеуметтік бірлік негізінде әрекет етуде. Осыған байланысты көптеген ұлттардың өмірінде жаңа қарым-қатынастың қасиеттер пайда болуда. Ұлттардың жан-жақты жетілу процесінде интернационалдық қасиеттердің дамуымен қатар ұлттық сипат та жетілуде. Қазақстанда жалпы мемлекеттік және ұлттық мүдделердің бірлігі, ұлтаралық қатынастың үйлесімді сабақтасуы айрықша мәнге ие болып отыр. Бірақ бұл Қазақстанда ұлттық қарым-қатынас мәселелері түбегейлі шешілді деген сөз емес. Қазіргі уақыттағы ең басты мәселе азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, халықтар достығы, ынтымақтастық пен бауырластық мәселелерін нығайту экономикада орын алып жатқан дағдарысты жою, әлеуметтік шындық, сөз бен істің үйлесімділігі сияқты принциптерді жүзеге асыру жолдарын іздестіру. Ұлттық мақтаныш пен ұлтжандылықтың мағынасын дұрыс бағалау - өзара түсіністік пен халықтар бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосады. Әр адамның қызметінде, мінез-құлқында мемлекеттік және ұлттық факторлардың дұрыс ұғымын қалыптастыру олардың сана-сезіміндегі адамгершілік, имандылық қасиеттерінің терең орнығып, қалыптасып, ұлттық эгоизм және тағы да басқа керітартпа қалдықтарымен ымырасыз болуына ықпал етеді. Мемлекеттік тәрбиені бір жүйеге келтіру әрбір ұлттың сана-сезімін дамыту ұлттық мақтанышын орнату арқылы жүзеге асырылғаны жөн. Бұған ұлтаралық сипатта өрбіген жанашырлық белгілер қажет. Ең маңыздысы мемлекеттік және ұлттық мүдделерді байланыстыра білу керек.

Ұлтаралық және дінаралық келісім тәрбиесі – бұл адамға оның бойында интернационалистік көзқарастарды, сенім-нанымдарды, нормаларды, принциптерді, сондай-ақ, осы көзқарастар мен принциптерге сәйкес оның іс жүзіндегі мінез-құлқын қалыптастыру мақсатындағы ықпал ету жүйесі. Сөйтіп, ұлтаралық келісім әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың және жаңа, жалпы адамзаттық өркениеттің дамуын айқындайтын маңызды белгілердің бірі болып келеді. Сонымен бірге ұлтаралық келісім – адамның өнегелі тәрбиелілігінің, жоғары мәдениеттілігінің барлық халықтардың баға жетпес құндылығы. Сондықтан да біздің тәрбие жұмыстарымыздың бүгінгі міндеті – ұлтаралық келісімді әрбір азаматтың өмірлік серігі ету.

Қорытындылай келе, адамдардың әлеуметтік-этникалық қауымдастығының түрлері қоғамдық дамудың белгілі бір сатыларында туындап, аса маңызды категорияларға айналды, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына орайлас адамдар қауымдастығының әлеуметтік-этникалық түрі де өзгеріп отырды. Сондықтан ұлт саясаты өмір саласында туындайтын проблемаларға дер кезінде үн қатудың, ұлттық қарама-қайшылықтарды тиімді шешудің тетіктерін табудың, ұлттық шынайы көрінісін бағымдаудың тұрақты жолын табу болмақ.

Арман ЖАПАРОВ,

Ақмола облысы дін істері басқармасының конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығының дінтанушы маманы.

"Astana Beton-MI" ЖШС Ақмола облысында, Целиноград ауданында Сабындық-3 кен орнында құрылыс жұмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 20 наурызда сағат 15:00-де Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Сабундинка а.о., Сабынды а., әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Карантиндік шаралар жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз:

<https://us04web.zoom.us/j/2487410037?pwd=Qkx0Q0RaMXVVMuY9lR2JtZzBBQUJaQT09>

Конференция идентификаторы: 248 741 0037

Пароль: jks7uG

Бастамашы: "Astana Beton – MI" ЖШС, байланыс тел: 8 771-592-6929. Нұр-сұлтан қаласы, аудан

Байқоңыр, Гоголь көшесі, 65 үй, БИН 200140029101.

ҚОЭБ жобасын әзірлеуші: «КазЭкоПроект» фирмасы Борщенко С.В. ЖК, тел: 8 (7162) 52-52-60.

ЖСН: 850922450567, Ақмола облысы, Көкшетау қ., 8 наурыз к., 61, 10 каб, байланыс тел: 8(716-2) 52-52-60 (факс) , 8 702 589 72 19

Қоғамдық тыңдау материалдарымен esportal.kz сайтта танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 8(716-2)52-52-60 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: exreso@mail.ru, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

ТОО «Astana Beton – MI» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, программы по управлению отходами, проекту программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды для плана горных работ по добыче строительного песка на месторождении Сабындинское-3 в Акмолинской области, Целиноградском районе открытым способом.

Общественные слушания состоятся 20 марта 2023 года в 15:00 ч. По адресу: Акмолинская область, Коргалжынский район, Сабундинский с.о., с.Сабынды, здание акимата. В случае карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/2487410037?pwd=Qkx0Q0RaMXVVMuY9lR2JtZzBBQUJaQT09>

Идентификатор конференции: 248 741 0037

Пароль: jks7uG

Заказчик: ТОО «Astana Beton – MI», конт. тел: 8 771-592-6929. город Нур-Султан, район

Байқоңыр, улица Гоголя, дом 65, БИН 200140029101.

Разработчик проекта ОВОС: Фирма «КазЭкоПроект» ИП Борщенко С.В., конт. тел: 8(7162) 52-52-60


ИИН: 850922450567, Акмолинская область, г. Кокшетау, ул.8 марта, 61 каб.10, конт. тел: 8(716-2) 52-52-60 (факс), 8 702 589 72 19

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте esportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8(716-2)52-52-60, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» по адресам: exreso@mail.ru и г. Кокшетау, ул. Абая, 89.

АЛ, СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?



Барлық қазақ баласына танымал ақын Ермек Өтетілеуовтың балғын балалық шағы мен жалынды жастық шағы дәл біздің Қорғалжын өңірінде өткенін?!

Ермек Өтетілеуұлы тіпті сол кездегі аудандық басылым – «Шамшырақ нұры» газетінде жұмыс істеп, өзінің төл туындыларын ең алғаш осы газет арқылы жарыққа шығара бастаған. «Шамшырақ нұры» газетінің эмблемасын, логотипін ойлап тапқан.

Ермек Өтетілеуов 1938 жылы туған. Ол Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты филология факультетінің орыс тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген.

1962–1964 жж. Целиноград (қазіргі Ақмола) облысы, Қорғалжын аудандық «Шамшырақ нұры» газетінде қызмет істеген. 1964–1974 жж. республикалық «Балдырған» журналында, 1974–1976 жж. «Жазушы» баспасында редактор, ал 1976 жылдан бастап «Жалын» баспасында аға редактор, бөлім меңгерушісі болып істеді.

Ақынның алғашқы өлеңдері алпысыншы жылдары жарық көре бастады. Жекелеген әңгіме, өлеңдері орыс, болгар, украин, грузин, армян, азербайжан, татар тілдеріне аударылған. Біраз өлеңдері балаларға арналған басылымдарға, қазақ мектебінің оқулықтарына енген.

Қазақ тілінде оның аудармасында Л.Толстойдың, Д.Ушинскийдің балаларға арналған әңгімелері, С.Михалков, О.Дриз, Я.Аким, Б.Заходер, П.Ребронның өлеңдері жарық көрді.

Ермек Өтетілеуов 2006 жылы небары 68 жасында өмірден өтті. Оның шығармалары қазақ балалар әдебиеті жанрындағы алар орны ерекше. Аудан орталығы – Қорғалжын ауылындағы М.Горький көшесі Ермек Өтетілеуов есімімен аталса қандай ғанибет болар еді-ау, шіркін!

Шығармаларынан үзінділер: ҚАЗАҚСТАН ЖАЛАУЫ Көк байрағы бабамның – Бүгінгі ұрпақ алауы. Тірегі әке-баланың – Қазақстан жалауы.	Өзің тәтті болдай бол, Өсіп, өсіп, таудай бол, Өмір жолын таңдай біл! Оқуда зерек бол. Ұйқыда сергек бол, Істе шебер бол. Сөзде шешен бол, Ойда мәнді бол, Тойда сәнді бол, Ұрыста батыр бол – Жұртыңа татыр бол!
АТА ТІЛЕГІ Айналайын балашым, Аман болсын анашың! Аман болсын әкең де, Ағатайың, тәтең де!	Шоқан ЗӘКАРИН

Көше атауларына көңіл бөлу

Көше атаулары еліміздің бай тарихын, өркениетін, мәдениетін айқындап тұратын көрнекі ақпараттың бірі. Сондықтан көше атауларына көңіл бөлу, оларды тарихи тұрғыдан реттеу жұмыстары кейінгі жылдары мықтап қолға алынды.

Ономастика қазіргі уақытта тіл саясатының жетекші бағыттарының бірі, өзекті мәселесі. Бүгінгі таңда Қорғалжын ауданы аумағы бойынша 94 көше бар. Оның тек төртеуі ғана идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар. Бұл ескірген, мән-мағынасы жоқ атаулардан арылып, төл атауларымызды толықтай қалпына келтіру жұмыстары биыл жүйелі түрде қолға алынып отыр.

Тіл мамандары ғана емес, сонымен қатар карапайым ауыл тұрғындары көше атауларына, оның мән-мағынасына көңіл бөліп жүрсе екен деген тілегіміз бар. Көше атауларын, оған берілген тарихи тұлғалардың есімін білу – парызымыз.

Сабындыдағы Қалқабек Шымыров, Қорғалжындағы Әділхан Шабатов, Шоқымет Әубәкіров, Досымсейіт Отарбеков сынды тұлғалардың есімдерін көрнекі ету мақсатында, осы тұлғаларды дәріптеу мақсатында қазіргі таңда әлеуметтік желіде тарихи тұлғаларға негізделген көше атауларын сипаттау барысын бастап отырмыз. Осы үрдіс жақсы жалғасын тауып жатса, болашақта көше бойында орналасқан тарихи-мәдени нысандар туралы да жазылатын болады.

Қорғалжын аудандық ономастикалық жұмыс тобы аудан көлемінде орналасқан көше атаулары және ондағы нысандар туралы ақпарат жинастырып жатыр. Жедел желі арқылы (2-11-76) немесе Қорғалжын аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөліміне хабарласып осы мәселе бойынша өз жеке ойыңызды қалдыруыңызға болады.

«Қорғалжын ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

«Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай»

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Қазақ тілі — қазақ халқының басты рухани байлығы. Әр халық үшін тіл маңызды құндылық. Біздің ата-бабамыздан қалған баға жетпес мұра. Тілден құдіретті, бағалы қасиет жоқ деп ойлаймын. Жарық дүниеге келген сәби бұл әлемді қай тілмен таныса сол тіл ол адам үшін қымбат. Себебі сол тілмен ой өрісі дамып, көкірегі ашылып, көңілі небір жақсы сезімдерді тұшып, жүрек тұңғиығында сараланады. Себебі сол тілмен алғашқы өмірде нәр беретін нұрлы асыл сөздерді атайды. Сәбидің алғашқы ана-әке, ата-әже деген аяулы сөздері өмірді тану құлшынысының бастамасы. Тіл отбасылық қарым-қатынас қана емес, ол қоғамдық дамудың маңызды сатысы.

Ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып «Мемлекеттің ең басты дүниесі тек қана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілімізде еркінсөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Бүгінгі таңда отбасындағы ұрпақ тәрбиесі-қоғамның барсаласына қатысты мәселе. Өйткені бүгінгі шағын отбасы – ертеңгі үлкен мемлекет. Мемлекеттің тізгіні сенімді адамның қолында болу үшін ұрпаққа саналы білім қажет. Адам көп тіл білгеннен зиян көрмейді Керісінше оның талабы да, талғамы да артады. Бірақ ең басты тұғырда өз ана тілі тұруы керек. Адамның ой-өрісі өз тілінде дамып жетілгенде ғана құндылығы артады. Тіл — әр адамның болмысы. Егер тіл жойылса адам болмысыда жойылады. Сенің қазақ екенінді айғақтайтын таптырмас дәлел, ол – ана тілің.

Бүгінгі күні қазақ тілінің қолданысына мен де қатты толғанамын. Тіліміздің қолданысының кеңеюі артады деген үмітпен әлі келе жатырмыз. Өкінішке орай, өзге ұлт түгiлi өз қазағымыздың қазақша сөйлей алмай тұрғанына iштей қынжыламыз. Егер қазақ қазақ болып өз ана тілінде сөйлемесе, өзге ұлт қазақ тілін қайтсін. Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқалы ана тіліміз өмір сүріп келеді. Тілдің иесі – кешегі қазақ, бүгінгі қазақ, ертеңгі болашағы да қазақ ұрпағы. Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің мәртебесі, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу – қаны қазақ баласының бірден – бір міндеті болып табылады. Халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғымТіл – еліміздің іргетасы. Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тіл – асыл ойдың бұлағы. Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған алғашқы

Жолдауында «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» деп нық басып айтуы біздің көңілімізді серпілтіп тастағаны рас. Қазіргі жазылып жатқан немесе қолданыста жүрген жаңа заман оқулықтары мен оқу құралдарының мақсаты – тіл үйренушінің тілдік-қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыра отырып, көптілді, көпмәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан танымдық-лингвомәдениеттанулық оқыту технологиясының құрамына деңгей бойынша айқын, нақты оқыту аясы, сол аяның мазмұнын ашатын тақырып пен тақырыпшалар, жағдаяттар мен тапсырмалар, жаттығулар, кейс-жағдаяттар топтасады. Қазіргі зерттеу парадигмаларының өзгерісі бойынша айтсақ, қатысымдық парадигма тілді сөйлеу әрекеті үстіндегі баланың өз қабілетін көрсету ерекшелігі бойынша танып-білу қажет дейді, басқаша айтқанда, тіл сөйлеу үстінде ашыла түседі дейді. Ал танымдық парадигмада тіл қабылдаумен, түсінумен, таныммен байланысты өзін көрсетуге мүмкіндік алады деп түсіндіреді.

Үш тілде білім беру жобасы негізінен, қазақ тілінің аясында жүзеге асатыны белгілі. Үш тіл білу «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деп қазақ мақалы айтқандай, қоғамның интеллектуальдық мүмкіндігінің көтерілуіне, маманның бәсекеге қабілетті, икемді делгіш болуына ықпал етеді. Білім беру үрдісінде үш тілді меңгерудің қажеттігі мен үштұғырлы тіл саясатының күн тәртібіне шығу себебі әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуы үшін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін, білім алу кеңістігінің біркелкі болуын қамтамасыз ету үшін қажет болуымен түсіндіріледі.

Тілге жан бітіретін де, тілге қуат беретін де, тілдің мәңгілік жасауына себепші де біз, ағайын! Тіл арқылы еңсеміз көтеріліп, тұғырымыз биіктей бермек.

Қазақстанда өмір сүретін әр азамат елін ойласа, ұлтының рухын ойласа, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосуы қажет. Қазақта «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген керемет нақыл сөзде айтылғандай, тілдің құдіретін бүгінгі жас ұрпақ ерте сезінуі керек. Алға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана Мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса ата-бабаларымыз салған сара жолдан таймайық, елдігімізбен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі — Мәңгілік Ел, Мәңгілік тіл! Ол — барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде! Тіл тағдыры — ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық!

Зекенова Сымбат Қайыргелдіқызы
Қорғалжын ауданы
«Тілдерді оқыту орталығы» КММ
қазақ тілі оқытушысы

Құрылтайшы меншік иесі: ЖШС «Нұр-Аяужан» Директор/редактор: Ботагөз Тажимова Дизайнер-беттеуші: Абдрасимова Айнагүл	Мекен-жайы: Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі 31, тел: +7 778 229 34 08	Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитетінде тіркеліп, №12797-Г куәлік алған (01.06.2012)	Газет «Нұр-Қорғалжын» «Нұр-Аяужан» ЖШС редакциясында теріліп жиналды, «Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30, Тапсырыс № Таралымы 600 дана Аптаның әр бейсенбі күндері шығады	Автордың пікірі редакцияның көз-қарасын білдірмейді. ***** Қол жазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды ***** Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес ***** Ұсынылған материалдардағы фактілер үшін автор жауап береді ***** Интернеттен алынған ақпараттар басқа автор атынан жарияланбайды.
--	---	---	---	--